



Мәдениет пен өнер

Мәдениет саласының қызметкерлері ардақталды

Қарқаралы аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімі Әділжан Арғынов мәдениет пен өнер саласында қызмет етіп жүрген аға буын өкілдері мен қызметкерлерін марапаттады. Салтанатты шара сала өкілдерінің кәсіби мерекесі аясында өтті.

Аудан басшысы алдымен өнер майталмандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, ауданда ұйымдастырылатын іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуі мәдениет қызметкерлерінің арқасы екенін атап өтті. Сондай-ақ өңір басшысы ауданның мәдени өміріне атсалысып жүрген бірқатар майталмандарды дәстүрлі марапаты мен сыйақысымен марапаттады.

Атап айтсақ, Егіндібұлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы Маржан Мейрханова, Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығының «Зерде» жылжымалы мәдени-сауық кешенінің меңгерушісі Әлімжан Макенов, Егіндібұлақ мәдени-сауық орталығының «Замандастар» ардагерлер хор ұжымының жетекшісі Гәкку Қабыкенова, Қарағайлы мәдени-сауық орталығының әдіскері Әсел Түсіпова, Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық



орталығының «Салтанат» ән-би ансамблінің концертмейстері Кәмшат Досжанова, Томар ауылының клуб ұйымдастырушысы Камила Қыстаубаева, Қарағайлы мәдени-сауық орталығының мәдени шаралар маманы Гүлден Әділхан, Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығының көркемдік жетекшісі Нұрсұлтан Қасымбек, Теректі ауылының клуб ұйымдастырушысы Асхат Кәріпжанов, Қаракөл ауылының клуб ұйымдастырушысы Перизат Әлімбекке аудан әкімінің алғыс хаты мен 150 мың теңгелік сыйақысы табысталды. Осы күні мәдениет және өнер саласының қызметкерлеріне жылы лебіздер мен алғыстар айтылды. Өйткені рухани

байлықты дамытуда және мәдени дәстүрлердің дамуы мен сақталуы ісіне қосқан олардың үлесі орасан зор.

Мұнан кейін сөз кезегін аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы, ҚР мәдениет саласының үздігі Сайлау Әлиұлы алып, жиналғандарды мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Салтанатты шараның соны марапат төрінен көрінген майталмандардың орындауындағы тамаша әнмен тәмамдалды.

Бұл дата айтулы күн ретінде 2013 жылдан бері аталып келеді. Шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі және әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше сәт. Мәдениет – ең

алдымен жәдігерлік. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші – зиялы қауым. Себебі әр халықтың дүниетанымы, рухани байлығы, тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрлері дәл осы мәдениет деген асыл ұғыммен астасып жатыр. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, ол елдің өңсесі де биік, рухы да жоғары болады. Мәдениет пен өнер – қоғам дамуының негізгі қажетті саласы. Мәдениеті мен өнері өркендеген қоғам әр уақытта ілгерілеп, дамиды. Сондықтан, Қарқаралы ауданында осы бағытта ірі бастамалар қолға алынып, саланы дамыту жоспары жасалған.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ



Құрметті ұстаздар, ата-аналар мен мектеп түлектері!

Баршаңызды «Соңғы қоңырау» күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Міне, тоғыз айға созылған оқу жылы да аяқталды. «Оқу – инемен құдық қазғандай» дегендей, осы айлар тынымсыз еңбекке, ілкімді ізденіске, зор талапқа толы болды. Қарыштап алға басып келе жатқан заманның білімге қояр талабы зор. Өркениетті елдермен қатар даму үшін, тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін берік ету үшін – заманауи білім мен ғылымды игере білуіміз керек. Елдің кемел келешегі жолында күн сайынғы білім алу, ілім меңгеру, жаңа дағдыларды үйренудің маңызы зор. Сондықтан да мұғалімдер мен оқушыларға артылар сенім жүгі ерекше. Талапты да табанды, ойы терең, қиялы ұшқыр, жігері мол жаңа ұрпағымызға сапалы білім мен терең тәрбие беру ерекше назарымызда. Осы жолда қалтқысыз қызмет қылып, ерен еңбек етіп жатқан ұстаздар қауымына айтар алғысымыз зор.

Құрметті мектеп бітіруші түлектер! Сіздер он бір жыл бойы білім мен тәрбиенің нәрін алған алтын ұя мектептен қоштасып жатырсыздар. Биыл аудан бойынша 280 түлек оқуды аяқтауда. Қанатын қомдап, кең дүниеге самғағалы тұрған әрбір түлекке үлкен өмірде сәтті кадам, жарқын болашақ, биік мұраттарды тілейміз. Қалаған мамандықтарыңды игеріп, еліміздің маңдайалды азаматтары болуға тілектестік білдіреміз. Қадамдарың оң болып, тың күш-жігермен, зор құлшыныспен асқақ арман, биік жетістіктерге жете беріңіздер!

Әділжан АРҒЫНОВ,
Қарқаралы ауданының әкімі

Саят ОСПАНОВ,
Қарқаралы ауданының мәслихат төрағасы

Президент Жолдауы

Жолдауды қолдау – ел өркендеуінің негізі

Осы аптада аудан әкімдігінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы бойынша жиын өтті.

Жиынға Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Санбаев Бақтияр Жұматайұлы арнайы келіп қатысты.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев ашып, күн тәртібіндегі мәселенің маңызын атап өтті.

Келесіде сөз алған Бақтияр Санбаев Президент Жолдауының өз құзыреті шеңберінде басым бағыттары мен маңызды міндеттері бойынша Қарқаралы



ауданында атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етіп, ортақ мақсаттар мен өзекті мәселелерге тоқталды. Ауданда жүргізіліп жатқан жоба-жоспарларды сараптап, ортаға салды. Жүзеге

асып жатқан бастамалар төңірегінде ой-пікірімен бөлісті.

Ауданның экологиясына байланысты қойылған барлық сұрақтарға жауап берді.

Жиынға ардагерлер, меке-

ме, кәсіпорын басшылары, жастар, қала тұрғындары, БАҚ өкілдері қатысты. Сонымен қатар, басқарма басшысы жеке қабылдауын өткізді.

Баршын ЕРТІС

Туризм

Этноауыл және тау шаңғысы курорты: Қарқаралы ауданында заманауи туристік кешен ашылады

Қарқаралы ауданында алдағы жылдары нағыз этноауыл, тау шаңғысы курорты және жайлы қонақ үйлері бар заманауи туристік кешен іске қосылады. Ол туристерге жыл бойы демалуға мүмкіндік береді.

Жаңа туристік кешен Қарқаралы мемлекеттік ұлттық паркіне іргелес жатқан "Бұғылы" аймағында бой көтермек. Болашақ туристік оазистің ауданы 75 гектар. Кешен бес шартты аймаққа бөлінеді, олардың әрқайсысында қонақтар өз қалауы бойынша демалыс ұйымдастыра алады.

"Өткен жылы біз "Бұғылы" рекреациялық аймағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірледік. Биыл қажетті ин-



фрақұрылымды жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттама дайындалуда. Бұл жарықтандыру және жолдар төсеуді қарастырады. Рекреациялық аймақтың орналасуын ескере отырып, біз шаңғы кластеріне басты назар аударуды жоспарлап отырмыз. Онда аспалы жолмен шаңғы трассасы жабдықталады. Сондай-ақ саябақ салынады, онда демалушылар отбасыларымен демалып, қалалық шудан демалуға мүмкіндік алады", – деді Қарқаралы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде.

Кешеннің көрнекті жері этноауыл болады, онда атқа мінуге, балық аулауға, табиғат аясында дәмді тамақтануға болады.

"Рекреациялық аймақтың орталығында 7 гектардан астам ойын-сауық паркі орналасады,

онда спорт және ойын алаңдары, веложолдар жабдықталады. Сондай-ақ, "Бұғылыда" 366 орындық 56 қонақ үй салу және глэмпингтер жабдықтау жоспарлануда, – деп атап өтті Қарқаралы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде. Қонақ үйлер шамамен 18 гектар аумақты алып жатыр".

Қарқаралы қаласының өзі де өзгеруде.

Онда жағалауды қайта құру басталды, жағажай, пирс, қайық станциясы, ойын алаңдары пайда болады. Сондай-ақ, жол инфрақұрылымы жақсаруда.

Қарқаралы ауданында бүгінде барлығы 40-қа жуық туристік нысан бар.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

Әке тәрбиесі ғасырға азық

Әке өнегесі – ұрпаққа аманат



Атадан қалған «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген дана сөзі бар. «Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болуы керек» деп отбасының тәрбиесіне жете көңіл бөлген. Әке – отбасының қорғаны, тірегі, әке – асқар тау, әке – балаға сыншы дейді халқымыз.

Қаламыздағы Ә.Ермеков атындағы орыс орта мектебінің 4 «А» сыныбында әкелер күніне орай, «Әкешім – бәйтерегім» атты сынып сағаты өтті. Сынып сағатының мақсаты әке мен бала арасындағы үйлесімді қарым-қатынас орнату. Әке орнының бала үшін ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. Сынып сағаты барысында «Сіз балаңызды жақсы білесіз бе?» жаттығуы, алақанды ұстау арқылы өз баласын табу, «Тіректер бұрқасыны» атты көңілді ойындар ойнатылды. Сонымен қатар, балалар әкелеріне хат жазып, жүрек жарды

тілектерін айтты. Өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, 2 тілде өткен сынып сағаты көңілімізден шығып, әрбірімізге ерекше әсер қалдырды. Балаларымызға ақ жол, сәт-сапар тілеп, әкелер қарбалас жұмыстың салдарынан мектепке жиі келе алмайтындарын айтып, бүгін бір ерекше марқайдық деп қуанып жатты.

36 жыл еңбек тәжірбиесі бар, 4 жыл бойы балаларды білім нәрімен сусындатқан, оқушылары «Ақбота», «Кенгуру», «Бастау», мектепішілік, аудандық, облыстық олимпиадалардан, Мұқағали Мақатаев

оқуларынан жұлделі орын алып жатқан ұлағатты ұстазымыз Мәженова Бибігүл Әбдірәсілқызының еңбегі орасан зор. Республикалық тестілеу кезеңінде, біздің 4 «А» сыныбымыз ең жоғары көрсеткіш көрсетті. Бойындағы жинап терген білімін оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білген, балалардың білімді, парасатты болуын мақсат еткен ұстаздарымызға ата-аналар қауымынан алғысымыз шексіз. Оқушыларыңыз сеніміңізді ақтап, тәуелсіз еліміздің білімді азаматтары болсын. Еңбегіңіздің жемісін көруге тілектеспіз!

Ә.Ермеков атындағы №2 орта мектебінің 4 «А» сынып ата-аналары

Қоғам және заң

Тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз не?

Тәуелсіз елімізде әйелдер құқығын қорғауға, олардың зорлық-зомбылыққа ұшырамауына, кез-келген салада жемісті жұмыс атқарып, елінің лайықты азаматтары болуына барынша мән беріледі.

Қазақстан азаматтарының теңдігі, ешбір адамды жынысына қарай кемсітуге немесе оның құқығын шектеуге болмайтындығы еліміздің Конституциясында нақты көрініс тапқан. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деген сөздер жазылған.

Статистика бойынша Қазақстандағы әйелдердің 70 пайызы өмірінде бір рет болса да тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған, ал мұндай әйелдердің тек 10 пайызы өз жағдайы туралы айтады екен.

БҰҰ Қорының деректері бойынша Қазақстанда өз отбасында зорлық-зомбылық көріп, қаза болған әйелдердің саны жылдан жылға өсіп барады.

Жанжалдар мен даулар кез-келген қарым қатынаста пайда болады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты жаңжалдан ажырату маңызды. Егер жаңжал жағдайында серіктестер тең емес қатысса, сіздің серіктесіңіз сіздің әрекеттеріңіз бен сезімдеріңізді басқаруға және басқаруға тырысып, зорлық-зомбылық әдістеріне жүгінсе, дау тұрмыстық зорлық-зомбылыққа айналуы мүмкін.

Зорлық-зомбылықтың бірнеше түрлері болады.

Экономикалық зорлық-зомбылық – бір отбасы мүшесінің басқа отбасы мүшесін қасақана баспанадан, тамақтан, киім-кешектен және жәбірленушінің заң-

мен белгіленген құқығы бар басқа мүлкітен немесе қаражаттан айыруы. Бұл жағдай жәбірленушіні өлімге итермелеуі, физикалық немесе психикалық денсаулығын бұзуы мүмкін.

Физикалық зорлық-зомбылық әйелге дене жарақатын келтіру мақсатында тікелей немесе жанама әсер ету әрекетін қамтиды, дене жарақатын алу, денеге ауыр зиян келтіру, ұрып-соғу, тепкілеу, шапалақпен соғу, соғу, ұру, заттарды лақтыру және т.с.с. физикалық жаза тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бір түріне жатады. Алғашқы медициналық көмектен бас тартқызу, ұйқының қанбауы, өмірлік маңызды функцияларды орындау мүмкіндігінен айыру (мысалы, душ пен дәретханадан бас тарту), алкоголь мен есірткіні жәбірленушінің еркінен тыс қолдануға мәжбүрлеу де физикалық зорлық-зомбылық болып есептеледі».

Психологиялық, эмоционалдық зорлық-зомбылық әйелді оқшаулау және қорлау. Үнемі сынау, қорлау, жек көру және кемсіту әйелдің әлеуметтік ортасы мен байланыстарын біртіндеп бұзады. Психологиялық зорлық-зомбылық көбінесе физикалық және сексуалдық зорлық-зомбылықтан бұрын жасалады.

Сексуалды зорлық – кез келген мәжбүрлі жыныстық қатынас немесе басқа адамның сексуалдылығын пайдалану. Сексуалды зорлық-зомбылық физикалық-психикалық денсаулыққа ауыр соққы әкелуі мүмкін. Жарақат, қаласуыс жүктілік және жыныстық жолмен жұғатын аурулар физикалық зардаптар болып есептеледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық

немесе отбасындағы зорлық-зомбылық – «отбасының бір мүшесінің екіншісіне қарсы кез-келген қасақана әрекеті, бұл әрекет отбасы мүшесінің заңды құқықтары мен бостандықтарын бұзса, отбасының көмелетке толмаған мүшесіне физикалық немесе психикалық зиян келтірсе, моральдық зиян келтірсе, сондай-ақ физикалық немесе жеке дамуына қауіп төндірсе, бұл жағдай тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе отбасындағы зорлық-зомбылық болып саналады».

Қазақстан 1998 жылы Әйелдерге қатысты барлық дискриминация түрлерін жою туралы конвенцияға қосылған. Осы шараның арқасында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заң қабылданды.

Конвенцияның «әйелдерге қатысты кемсітушілік» ұғымы әйелдердің олардың отбасылық жағдайына қарамастан, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез-келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асыруын жыныс белгісі бойынша әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаруға бағытталған.

Ал, ата заңымызда Республикасының әрбір азаматына құқық субъектілікті мойындауға тең құқық және қажетті қорғанышты қоса, өзінің құқығы мен бостандығын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығына кепілдік береді. Әрбір адам өзінің құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға құқылы. Әрбір адам білікті заңдық көмек алуға құқылы. Ерлер мен әйелдер сотқа жүгінуде бірдей құқықтар мен міндеттерге ие. Барлығы заң мен сот алдында тең.

А.КАМЕРЛЕНОВА,
Қарқаралы аудандық сот
әкімшісінің басшысы

ХАБАРЛАМА

Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы

24.05.2024 жыл

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 43-1 бабын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы басышылыққа ала отырып,

2024 жылдың 16 шілде сағат 10-00 де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Т.Әубәкіров көшесі 23 мекен жайда орналасқан Қарқаралы ауданы әкімдігінің акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар тапсырылады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және

тіркеу 2024 жылғы 24 маусымнан 2024 жылғы 15 шілде күнгі сағ:18-30-ға дейін «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қабылданады, орналасқан мекен-жайы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Ө. Бөкейханов көшесі, 40.

Конкурсқа қатысуға өтінім қағаз жеткізгіште қолма-қол не пошта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық

капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа

немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа хабарламада белгіленген мерзімнен кешіктірмей конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеген шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамды құрайтын заңды тұлғалардан басқа, белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалар жіберіледі.

Конкурсқа төменде келтірілген кестеде көрсетілген мынадай жер учаскелері қойылады:

№	Жер учаскесінің орналасқан ауылдық округ атауы (лот №)	Ж а л п ы алаңы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде						Жалға алу мерзімі, жыл	Жер учаскесінің сипаттамасы (топырақ түрі), орташа балл бонитет	Сумен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылық мамандануы
			б а р л ы қ егістік	оның ішінде суар	ішіңде Б а р л ы қ жайы-лым	оның ішінде ТЖ жайылым	шабындық	б а с қ а алқап-тар				
1	М. Мамырев а/о от №123	338,0124	-	-	338,0	-		0,0124	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 9	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
2	Қ.Аманжолов а/о Лот №137	689,2			688,0			1,2	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 9	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
3	Қ.Аманжолов а/о Лот №138	866,7657			727,0			0,5657	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 7	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
4	Мәди а/о Лот №171	652,6541			652,0			0,6541	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 14	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
5	Ынталы а/о Лот №50	1495,0417			1491,0			2,0417	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 12	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
6	Н.Нұрмақов а/о Лот №29	605,4330			603,0	155,0		2,4330	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 18	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
7	Темірші а/о Лот №166	1350,0	-	-	1348,0	-		2,0	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 12	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
8	Темірші а/о Лот №165	2000,0			1991,0	-		9,0	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 10	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
9	Темірші а/о Лот №168	2000,0			1999,0			1,0	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 7	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
10	Қоянды а/о Лот №156	418,5303	-	-	418,0	-		0,5303	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 17	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
11	Қоянды а/о Лот №154	252,4160	-	-	252,0	48,0		0,4160	20 жыл	Қою қызыл топырақтарбалл бонитет 9	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
	Барлығы											

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықишілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен бекітілген (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертартаптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуы тиіс.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет»

веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар

болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» « және « жылғы _____ » « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратты «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» Мемлекеттік мекемесінен мына мекен-жай бойынша алуға болады: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бөкейханов көшесі 40. Байланыс тел / факс 8 (72146) 31404.

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тұрғыны, асқар тау әкеміз **Амантай ҚҰСАЙЫНДЫ** 80 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы сексен жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен сегізінші асқардың шыңына қол созып отырсыз. Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы. Еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан Сіздің саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз. Сексен жастың тек қана қуанышын көріңіз. Әр күніңіз сәтті боп, жүз жас болсын төріңіз. Немере-шөберелеріңіздің есейгенін көріп, олардың үйлену тойларында анамызбен қатысып, қуанып, тойдың төрінде отыра беріңіздер! Отбасымыз аман болып, көңіліңіз жайлансын. Әр уақытта қажымай-талмай өз ортамыздың қадірменді ақсақалы, өз перзенттеріңіздің арасында тәлімді ақылшы атамыз болып аман-есен жүре беріңіз!



Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,
Жарқын жүзбен қуанышпен келесің,
Құтты болсын сексен жасың, әкетай,
Өзіңізді бір құдайым демесін.
Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,
Барша жұртқа жақсылығы байқалған.
Есен болсын ұрпағыңыз көрінген.
Ән қалықтап, күй төгілсін төріңнен,
Бақ орнасын әрдайым басыңызға.
Жас қосылсын, әкетай, жасыңызға,
Немерелер қуаныш сыйлап талай
Амандықпен жетіңіз жүзге қарай!

Тілек білдірушілер: **жұбайы, балалары, немерелері**

Құттықтаймыз!

Қарағайлы кентінің тұрғыны, ардақты әке, ақылшы ата, әріптесіміз **Талғат Нақыпбекұлы ТӨЛЕПБЕКОВТІ** 28 мамыр туған күнімен және құрметті демалыс зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Өмірдің сан-салалы жолында жүріп, мамандық пен еңбектің әрбір түрін меңгерген Талғат Нақыпбекұлы өз ортасында беделді, еңбекжор ақ-жарқын мінезімен сыйлы бола білді. Айналасындағы адамдарға деген достық, туыстық қарым-қатынасы қашанда көпшіл, кішіпейілді адамгершілікпен білгілі-іскерлікпен көрінетін. Отбасында ұл-қыздары мен немере-жиендерінің сүйікті әкесі мен атасы бола жүріп, оларды еңбекжорлыққа тәрбиеледі. Талғат Нақыпбекұлы, сізді мерейлі күніңізбен құттықтап, жұбайыңыз Айтжамалмен ғұмырлы өмір сүріп, бала-шағаңыздың қуаныш-қызығын көріңіздер. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт тілейміз.



Туған күн мерекеніз құтты болсын,
Құшағыңыз қуанышты өнге толсын.
Өнермен ұштастырған ғұмыр-дәурен,
Жүзге келген жасыңызбен тойға ұлассын!
Отбасы, бала-шаға ортасында,
Әр күннің шаттық нұры шарықтасын!

Ақ ниетпен: **Қарағайлы мәдени-сауық орталығының ұжымы**

Спорт

Облыста жүлдеге ие болды

Қарағанды қаласында өткен облыстық спартакиадада Қарқаралы өңірі аудандардың арасынан жалпы командалық есепте ІІІ орын иеленді.



Тоғызқұмалақ, дойбы, жеңіл атлетика ойындарында жерлестеріміз әрлеп, жақсы нәтижелер көрсетті. Бұдан бөлек спартакиадада үстел теннисі мен футболдан ойындар өтті. Айта кетсек, спартакиадаға есту, көру қабілеті төмен, тірек қозғалысы зақымданған спортшылар қатысты. Жаттықтырушылары Бүркіт Бәйсе-

наев пен Ерсін Алиевке алғыс айтамыз. Облыс көлемінде үздіктер қатарынан көрінген спортшыларымызды айтулы жүлделерімен құттықтаймыз!

Қарқаралы аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі

Біздің байланыс телефонымыз:
8-775-548-3523

Хабарландыру

1. «Асель» шаруа қожалығы «2023 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 01 шілдеге дейінгі кезеңге арналған балық шаруашылығы қызметін биологиялық негіздеу және МҚС бойынша Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы Балықтыкөл» көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын немесе тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде жария талқылау түрінде қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабарлайды.

2. Әсер ету аумағы - Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы, Мартбек Мамыраев ауылдық округі;

3. Жария талқылаулар esportal.kz сайтында жарияланады 05.06.2024 ж. бастап 18.06.2024 ж. дейін;

4. Көзделіп отырған қызмет бастамашысы - «Асель» шаруа қожалығы, Қазақстан Республикасы, Мартбек Мамыраев ауылдық округі, т. 8 701 612 38 91;

5. «2023жылғы01шілдеден2024 жылғы 01 шілдеге дейінгі кезеңге арналған балық шаруашылығы қызметін биологиялық негіздеу

және МҚС бойынша Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы Балықтыкөл» ғылыми жұмыс жобасын әзірлеуші – Северный филиал ТОО «Научно-производственный центр рыбного хозяйства» , Қазақстан Республикасы, Астана қ., Потанин көшесі ,15/1, каб 36;

6. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен esportal.kz сайтында және ферма-тәлімбақ ұйымдастырылу жоспарланған«АСАР» ШҚ @asaq_ferme инстаграм парақшасында танысуға болады;

7. Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін t.deshko@mail.ru электрондық мекен-жайында және esportal.kz сайтында сұратуға болады. т. 8 701 612 38 91;

8. Ескертулер мен ұсыныстар электрондық пошта арқылы қабылданады: t.deshko@mail.ru және esportal.kz сайтында т.8 701 612 38 91.

Объявление

1. ИП «Крестьянское хозяйство «Асель»» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений Биологического обоснования к научному проекту: «Биологическое обоснование перевода озера Балыктыколь Каркаралинского района Карагандинской области в озерно-товарное хозяйство и оценка его производственной мощности».

2. Территория воздействия – сельский округ Мартбек Мамыраев, Каркаралинский район, Карагандинской области;

3. Публичные обсуждения опубликованы на сайте esportal.kz с 05.06.2024. до 18.06.2024 г.;

4. Инициатор намечаемой деятельности – ИП «Крестьянское хозяйство «Асель»», Республика Казахстан, сельский округ Мартбек Мамыраев, Каркаралинский район, Карагандинской области, т. 8 701 612 38 91;

5. Разработчик биологического обоснования к научному проекту «Биологическое обоснование перевода озера Балыктыколь

Каркаралинского района Карагандинской области в озерно-товарное хозяйство и оценка его производственной мощности» - Северный филиал ТОО «Научно-производственный центр рыбного хозяйства», Республика Казахстан, г. , г.Астана, ул. Потанина 15/1 каб 36.

6. С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на сайте esportal.kz;

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по электронному адресу – t.deshko@mail.ru, на сайте esportal.kz, т. 8 701 612 38 91;

8. Замечания и предложения принимаются по электронной почте: t.deshko@mail.ru, также на сайте esportal.kz, т. 8 701 612 38 91.

Хабарландыру

"RAE GOLD" ЖШС "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімінің жобасын, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасын, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын, қалдықтарды басқару бағдарламасын, №1937-EL 12 блокты лицензиялық алаңның қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды - 43 – 71 - (10д - 5в 8, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 22, 23), М-43–83-(106-5а-2,7) Қарағанды облысында орналасқан, Қарқаралы ауданы.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаудың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдаулар біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Айнабулақ с. Әсер ететін аумақ - Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 49°34'26.12"С, 76°11'38.19"В.

Тыңдау 02.07.2024 ж.сағат 15:00-де мына мекен-жай бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абай а/о, Айнабулақ ауылы, Мендеке Батыр көшесі, 15 әкімдік ғимараты.

Начало формы
Конец формы

Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту керек: <https://us04web.zoom.us/j/74920162129?pwd=RnHzLvOOLd013s1nOp9KjrbfV>

S89Kk.1.

Конференция ID: 749 2016 2129. Қол жеткізу коды: 3zHvW9.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы – " RAE GOLD " ЖШС. БСН 220340005521. тел 87058067808

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші «Иваненко А. А.» ЖҚ. ЖСН хабарлайды - 43 – 71 - (10д - 5в 8, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 22, 23), М-43–83-(106-5а-2,7) находящейся в Карагандинской области, Каркаралинский район.

Перечень административно-территориальных единиц на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания (если общественные слушания по одному и тому же предмету слушаний проводятся более чем в одной административно-территориальной единице): Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Айнабулак.

Территория, на которую оказывается воздействие - Карагандинская область, Каркаралинский район.

Географические координаты территории воздействия: 49°34'26.12"С, 76°11'38.19"В.

Слушания состоятся 02.07.2024 г. в 15.00 часов по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Абайский с/о, с. Айнабулак, ул. Мендеке Батыр, 15 здание акимата.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/74920162129?pwd=RnHzLvOOLd013s1nOp9KjrbfV>

Біздің электрондық поштамыз:

Karkaraly_TOO@mail.ru

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тұрғындары асқар тау әкеміз **Әбілқайыр СӘДУАҚАСҰЛЫ** (17.02.1948ж.-10.08.2014ж.) мен аяулы да асыл анамыз **Клара ҚАБДОЛЛАҚЫЗЫНЫҢ** (04.03.1948ж.-23.07.2019ж.) өмірден өткендеріне әкемізге 10 жыл, анамызға 5 жыл болыпты.

Балаларына мейірімді әке мен ана, немерелеріне асыл ата мен әже бола білген ардақты әкеміз бен анамызды сағынышпен еске аламыз.

Әкеміз бен анамыз тату-тәтті өмір сүріп,бізді өмірге әкеліп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп ер жеткізді.

Анамыз бен әкеміз сыйласымды өмір сүріп, үлгі тұтар ордалы отбасы болды. Әкешім-анашым рухтарыңыз пейіште шалқысын, жандарыңыз жәннәтта, топырақтарыңыз торқа болсын. Асыл бейнелеріңіз сағынған жүрегімізде, біздермен мәңгі бірге өмір сүреді.



Әкешім-Анашым сағындық...

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнемізгой тағдырдың салғанына
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Өздеріңізді сағынып,еске алғанда..

Әкешім-анашым
Жұмақты мекен еткейсің,
Пейіш төріне жеткейсің.
Өмірден мәңгі кеткенмен,
Көңілден мүлде кетпейсің.

Еске алушылар: балаларыңыз – **Мақсат-Шолпан**, немерелеріңіз **Нұржан, Наила**.

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданы, Егіндібулақ ауылының тұрғыны, ардақты да аяулы анамыз **Дәмеш ТҮСІПҚЫЗЫНЫҢ** өмірден өткеніне 26 мамырда 30 жыл болады.

Асыл анамыздың төрдегі орыны ойсырап-ақ тұр. Бақытымыздың тірегі, қарашаңырақ үйіміздің алтын діңгегі анамыздың бұл дүниеде жоқ екені еске түскенде, сағынышымыз еселеніп, жанарымызға жас келіп, мейірімді жүзін аңсап-ақ кетеміз. Алла ісіне шара бар ма?!

Балаларына жанашыр, немерелеріне қамқор әже бола білген асыл анамызға сағынышымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Анамыздың аяулы, ыстық алақаны мен бір ауыз жылы сөзін естуді сағындық. Ортамызда жүргеніңіз өзі біз үшін көңілге демеу, жүрекке медеу екен. Анамыздың жарқын бейнесін еске ала отырып, қабірі Алланың нұрына бөленіп, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп дұға бағыштаймыз. Айналасын мейірім шуағына бөлеген анамыздың жарқын шуақты жүзі, аялы алақанының жылуды, ақыл-кеңесі жадымызда сақтала бермек.

Асыл ана, жүзің нұрлы күн едің,
Шаңырақтың мерекесі гүл едің.
Сабырлы едің, қадамы бар салмақты,
Мейірімге бөлеуші едің, жан-жақты.



Кеттің ана жұмағына білеміз,
Дұға тілеп, еске алып жүреміз.....
Ақ жаулығын иісіңізді сіңдірген.
Соны іскеп, аңсап енді жүреміз.

Еске алушы: қызың – **Мариямгуль (Мәкіш)**, күйеу балаң – **Серік, жиендеріңіз**

Объявление

ТОО «RAE GOLD» уведомляет о проведении общественных слушаний по обсуждению проекта раздела «Охрана окружающей среды», проекта нормативов допустимых выбросов, программа производственного экологического контроля, программа управления отходами, план мероприятий по охране окружающей среды к плану разведки твердых полезных ископаемых лицензионной площади №1937-EL 12 блоков М-43–71-(10д-5в 8,11,12,13,14,17,18,19,22,23), М-43–83-(106-5а-2,7) находящейся в Карагандинской области, Каркаралинский район.

Перечень административно-территориальных единиц на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания (если общественные слушания по одному и тому же предмету слушаний проводятся более чем в одной административно-территориальной единице): Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Айнабулак.

Территория, на которую оказывается воздействие - Карагандинская область, Каркаралинский район.

Географические координаты территории воздействия: 49°34'26.12"С, 76°11'38.19"В.

Слушания состоятся 02.07.2024 г. в 15.00 часов по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Абайский с/о, с. Айнабулак, ул. Мендеке Батыр, 15 здание акимата.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/74920162129?pwd=RnHzLvOOLd013s1nOp9KjrbfV>

wd=RnHzLvOOLd013s1nOp9KjrbfV S89Kk.1

Идентификатор конференции: 749 2016 2129. Код доступа: 3zHvW9.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «RAE GOLD». БИН 220340005521. тел 87058067808

Разработчик проектной документации проекта ИП «Иваненко А.А.». ИИН 830831350314. Государственная лицензия №01801Р от 11.04.2008 г выданной Министерством охраны окружающей среды РК тел. 8(702)1889815.

Местный исполнительный орган (МИО) – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru г. Караганда, ул. Лободы, 20. тел: 8 (7212) 56-81-66.

Материалы, выносимые на общественные слушания, будут размещены на Едином экологическом портале <https://esportal.kz> и официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО.

Дополнительную информацию можно получить по e-mail: consult_ecopro@mail.ru. и тел: 8(702)1889815.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласындағы № 1 орта мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Нарынбекова Гүлнар Шайзадаевнаға анасы

Рахиманың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

